


КМҚК «№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы»

Білім саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Төлін тап» дидактикалық ойын.



Кіші «Құлыншақ» тобы:

2021-2022ж.

Тақырыбы: «Төлін тап» дидактикалық ойын.

Мақсаты: Үй жануарларының төлдері туралы білімдерін бекіту, жануарлардың өзгешеліктеріне байланысты салыстыра білу.

Дамытушылығы: Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Үй жануарларын күтуге, қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Слайд, үй жануарлары мен төлдерінің суреттері.

Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қортынды.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды күніміз,
Жарқырайды даламыз.
Қайырлы таң балалар!
Қайырлы таң апайлар!

Жұмбақ жасыру:

Кезекті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.



Кішкене ғана бойы бар,
Айналдырып кейген тоны бар.



Тәрбиеші: Қане балалар тақтаға назар аударайық жұмбақтың шешуі дұрыс па екен?

Балалар: Түйе және қой.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар. Бүгінгі біздің жаңа тақырыбымыз «Төлін тап» дидактикалық ойыны.

Балалар сендер үй жануарларына қандай жануарлар жататынын білесіңдер ме? Үй жануарлары екіге бөлінеді. Жабайы жануарлар және үй жануарлары. Біздер солардың ішінде үй жануарларымен және олардың төлдерімен жақын танысатын

боламыз. Слайдқа назар аударайық, кәне бәріміз бірге аттарын атайық. Үй жануарларына қандай жануарлар жататаынын еске түсірейік.


Түйе, сиыр, жылқы, қой, ешкі, ит пен мысықта жатады.

Тәрбиеші: Үй жануарлары қайда жүреді? Орманда ма, үйде ме?

Балалар: Үй жануарларын біздер үйде бағамыз.

Тәрбиеші: Балалар біздер олардың төлін білеміз бе? Ендеше үй жануарларының төлдерін бірге атайықшы.

Сиырдың төлі - бұзау



Түйенің төлі - бота. .



Жылқының төлі - құлын.



Қойдың төлі - қозы.



Ешкі төлі-лақ.



Тәрбиеші: Оларды неге үй жануары дейміз? Себебі, адамдар үй жануарларын қорада су беріп, жем беріп, шөп беріп асырайды.

Үй жануарының адамға пайдасы өте көп, біздер олардың сүтін ішіеміз, етін жейміз, сүтінен түрлі тағамдар жасаймыз, жүнінен тоқыма тоқимыз.

Сергіту сәті:

Тәрбиеші: Қане, балалар бойымызды сергітіп, алайық.

Ойын: «Төлін тап»

Тәрбиеші: Олай болса балалар бәріміз бірге «Төлін тап» дидактикалық ойынын ойнайық. (флонеграф тақтасымен ойын ойнау) Балалар қараңдаршы бұл жерде үй жануарлары жайлауда жайылып жүр екен. Ал, төлдері адасып қалыпты, біз сол төлдерді табуға көмектесеміз бе?

Балалар: Иә, көмектесеміз.

Тәрбиеші: Ендеше балалар үй жануарларының төлдерін атап және орындарына орналастырайық.

Қортындылау:

Тәрбиеші: Бүгін қандай жануарлармен таныстық?

Балалар: Үй жануарларымен

Тәрбиеші: Үй жануарларына қандай жануарлар жатады екен?

Балалар: Сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы, ит және мысық жатады.

Тәрбиеші: Жәрайсыңдар балалар! Үй жануарларына әрдайым қамқорлық жасап жүруіміз керек.

Балалар бүгінгі оқу қызметіне бәріңізде жақсы қатыстыңдар. Оқу қызметіміз аяқталды.